

**Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 323 "2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 486 қаулысы . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қарашада № 5145 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 323 "2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5043 тіркелген, 2014 жылғы 25 қыркүйекте "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.К. Жұрқабаяевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 01 маусымынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қала әкімі

М. Жүндібаев

Әкімдіктің

2014 жылғы 21 қазандағы

№ 486 қаулысына 1-қосымша

Әкімдіктің

2014 жылғы 15 шілдедегі

№ 323 қаулысына 2-қосымша

**2014 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы**

**мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мұрагер" мектепке дейінгі оқу-тәрбие орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	350
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Улыбка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	320
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Дельфинчик" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	320
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Ивушка" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	310
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Балапан" жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	160

**Кестенің жалғасы:**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге )	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	15986	3 жасқа дейін – 5750 3 жастан бастап – 7130
2	Лисаков қаласы	15986	3 жасқа дейін – 5750 3 жастан бастап – 7130
3	Лисаков қаласы	15986	3 жасқа дейін – 5750 3 жастан бастап – 7130
4	Лисаков қаласы	15986	3 жасқа дейін – 5750 3 жастан бастап – 7130
5	Лисаков қаласы	15986	3 жасқа дейін – 5750 3 жастан бастап – 7130